

Б. ТАНЕШ¹, Н. ЖУМАНБЕКОВА¹¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

✉ e-mail: bota_tanesh@mail.ru

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада туыстығы алшақ қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері қарастырылады. Мақал-мәтелдер – халықтың дүниетанымы, рухани құндылықтары, тарихи тәжірибесі, мәдениеті мен әлеуметтік нормаларының көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдер тек тілдік бірліктер ғана емес, белгілі бір этностың болмысын, мінез-құлқын, ойлау жүйесін бейнелейтін күрделі лингвомәдени құбылыс болады. Атап айтқанда, көшпенділік дәстүрлерге негізделген қазақ мәдениеті, ғасырлық тарихы бар ағылшын мәдениеті және Конфуций философиясына негізделген қытай мәдениетіндегі мақал-мәтелдер лингвомәдени және салыстырмалы талдау әдістері негізінде талданады. Осы арқылы әрбір халықтың мақал-мәтелдеріндегі мәдени құндылықтар мен дүниетаным қалай бейнелейтіні анықталады. Сонымен қатар, мақалада қазақ, ағылшын және қытай тілдерінде белгілі тақырыптар (отбасы құндылығына байланысты мақал-мәтелдер, білім тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер, шыдамдылыққа байланысты мақал-мәтелдер, еңбек тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер) таңдалып, тақырыптарға тән мәдени айшықты лексика бірліктері айқындалып, мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері ғалымдардың талдаулары негізінде құрастырылған үлгіге сүйене отырып, салыстырылды. Мақал-мәтел және лингвомәдениет ұғымдары теориялық тұрғыда нақтыланды. Мақаланың ғылыми мақсаты ретінде қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін айқындап, салыстырып, талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау алынды. Мақала соңында болашақ зерттеулерге ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: мақал-мәтелдер, лингвомәдени аспект, қазақ тілі, ағылшын тілі, қытай тілі.

Кіріспе

Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған даналығы мен өмірлік тәжірибесін қысқаша әрі өткір формада жеткізетін тілдік бірліктер. Олар тұтас бір халықтың дүниетанымын, мәдениетін және әлеуметтік құндылықтарын айқындайтын маңызды құрал. Әр халықтың мақал-мәтелдері сол ұлттың тарихи жолын, тұрмыс-салтын, қоғамдағы орын алған өзгерістерімен, тіпті табиғатпен қарым-қатынасын бейнелеп, сол халықтың ұлттық ерекшеліктерін де айқындап береді. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер тілдің тек тілдік

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Танеш Б., Жуманбекова Н. Қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 153-165. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.13>

*Cite us correctly:

Tanesh B., Zhumanbekova N. Qazaq, agylshyn zhane qytai tilderindegi maqal-matelderin lingvomadani erekshelikleri [Linguocultural Features of Proverbs in Kazakh, English and Chinese Languages] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – B. 153-165. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.13>

Мақаланың редакцияға түскен күні 16.06.2025 / жарияланған күні 30.03.2026

құрамын ғана емес, мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін де көрсетеді. Қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдерді зерттеп, салыстыру әрбір тілдің мәдени негіздерін, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастарды, ұлттық дүниетанының құндылықтарын талдауға мүмкіндік береді. Туыстығы алшақ қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдер үш түрлі мәдени контексте тамыр жайған. Қазақ халқының мақал-мәтелдері көбінесе көшпенді өмір салтымен, табиғатқа деген ерекше көзқарасымен және ұжымдық тәртіппен байланысты. Халықтың дүниетанымы, негізінен, табиғатпен үйлесімді өмір сүру мен қоғамдағы бірлікке құрылады [1; 2]. Ал, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер англосаксондық мәдениеттің прагматизмін, жеке тұлғаның еркіндігін, жауапкершілігін көрсетеді. Ағылшын мақал-мәтелдерінде қоғамның моральдық және этикалық құндылықтарына баса назар аударылып, адамның жеке жетістіктері мен өз орнын табуы маңызды деп саналды [3]. Конфуций қытай тіліндегі мақал-мәтелдері арқылы философияның ықпалымен үйлесімділікті, қоғамдағы тәртіп және әділдік ұғымдарын дәріптеген [4]. Қытай мәдениетінде бірлік пен жанұялық қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлінеді, ал мақал-мәтелдер осы принциптерді насихаттайтын құралы ретінде қызмет етеді. Осы үш тілдің мақал-мәтелдерін салыстыра отырып, тілдің құрылымдық ерекшеліктерін және мәдени мән-мағыналарын ашуға болады. Бұл зерттеу мәдениетаралық қарым-қатынасты арттыру үшін маңызды, себебі мақал-мәтелдер әрбір мәдениеттің дүниетанымын, тұрмыс салтын және құндылықтарын түсінуге көмектеседі. Тіл мен мәдениеттің арасындағы тығыз байланысты зерттеу арқылы әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, сол халықтарды түсіну мен бағалаудың маңыздылығын тереңірек ұғына аламыз. Мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің назарында болған. Қазақ тіл білімінде Қ. Жұбанов, Б. Адамбаев, Ә. Қайдар, С. Қасқабасов, Р. Сыздықова, Г. Смағұлова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты және мақал-мәтелдердің тілдік бірлік ретінде қалыптасуы мен ұлттық мәдениетті бейнелеудегі рөлі атап көрсетілген. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді зерттеуде Дж. Лакофф, Дж. Симпсон, Л. Барбер, У. Лабов, Дж. Спиктың когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырған еңбектері ерекше маңызға ие. Олар мақал-мәтелдердегі метафоралық құрылымдардың ұлт дүниетанымын бейнелеудегі қызметін талдаған. Сондай-ақ ағылшын тіліндегі паремиологиялық зерттеулерде В. Мильнер, Н. Найлз еңбектері маңызды орын алады. Ал қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің ерекшеліктері Ляо Юн, Ван Ли, Ваң Сый, Дуэн Пин, Ду Жюнь Шиау, Вэн Дуан Жын, Ван Тао сынды ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Олардың еңбектерінде қытай мақал-мәтелдерінің философиялық мәні және тарихи контексте дамуы талданады. Қазақ, ағылшын, қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің салыстырмалы талдауларына келетін болсақ, А. Лан және т.б. ағылшын және қытай тілдеріндегі үйлену тақырыбын, А. Сарбасова, К. Дүйсенова, т.б. қазақ, ағылшын, қытай тілдеріндегі үйлену тақырыбындағы мақал-мәтелдердің лингво-мәдени талдауын жасап [3; 5], А.Р. Ибраимова, Р.О. Досымбекова қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдеріндегі әдептілік этикасы, оның халық мәдениетімен, салт-дәстүрімен байланысы және өзіндік ерекшелігі мен мәдени ұқсастықтарын қарастырады [6]. К.Б. Даутбаева, К.К. Дүйсекова, Ш. Әуелбекова қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдеріндегі ұлттық-мәдени сипаттаманы талдаған [7; 8]. Дегенмен, ұсынылып отырған тақырыпқа байланысты жеке-жеке зерттеулердің көптігіне қарамастан, аталған үш тілдегі мақал-мәтелдердің түрлі тақырыптағы лингвомәдени салыстырмалы талдауы әлі де зерттеуді қажет ететіндігіне көз жеткіздік. Қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін салыстырмалы талдау, өзара қарым-қатынаста немесе тілдерді оқытуда ұлтаралық тілдік және мәдени түсіністікке септігін тигізеді. Мақал-мәтелдер тілдік элементтер ғана емес, мәдени мол мұра мен құндылықтардың бүгінгі күнге жеткен дәлелі. Олай болса, ғылыми мақаланың мақсаты, қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-

мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін айқындап, салыстырып, талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Зерттеу әдістері және материалдар

Зерттеу материалы ретінде қазақ, ағылшын және қытай тілдерінен алынған ұлттық құндылықтарды, моральдық-этикалық нормаларды, әлеуметтік құрылымды және табиғатпен қарым-қатынасты бейнелейтін мақал-мәтелдер іріктелді. Мақал-мәтелдердің таңдауы олардың кең қолданыста болуына және мәдени маңыздылығына негізделді. Талдау үшін қазақ мақал-мәтелдері «Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері» жинағынан [9], ағылшын мақал-мәтелдері В. Миесдердің мақал-мәтелдер кітабынан [10], қытай мақал-мәтелдері «Қытай мәтелдерінің үлкен сөздігінен» [11] алынды. Зерттеу барысында қолданылатын төмендегі әдістер мақал-мәтелдердің тілдік және мәдени аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Лингвомәдени талдау нәтижесінде аталған халықтардың мәдени ерекшеліктері мен дүниетанымдық көзқарастары тілдік бірліктер арқылы ашылады. Мақал-мәтелдердегі ұлттық құндылықтар, тарихи және әлеуметтік нормалар анықталып, халықтың менталитеті мен мәдениетіне тән дүниетанымдық ерекшеліктер айқындалады. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы негізінде мақал-мәтелдердің лингвомәдени мағынасы сараланады. Мақал-мәтелдердің лингвомәдени талдау әдісі В. Телияның [12], М. Джиованинидің [13], С. Мелиеваның [14] талдаулары негізінде құрастырылған тұжырымдарға сәйкес, мәдени концептілерді айқындап, сол концептілерге сәйкес, мәдени айшықты лексика мен мәдени контексті талдауға түрткі болды. Лингвомәдени талдау әдісі әрбір мәдениетке тән құндылықтарды, әлеуметтік нормалар және дүниеге деген көзқарастарды айқындау мақсатында қолданылды. Салғастырмалы әдіс туыстығы алшақ үш тілдегі мақал-мәтелдерді салыстыруға мүмкіндік берді. Ол үшін үш тілге тән ортақ тақырыптар айқындалды, айқындалған тақырыпқа сәйкес мақал-мәтелдер сұрыпталып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Нәтижесінде қазақ, ағылшын және қытай тілдерінде отбасы құндылығына байланысты мақал-мәтелдер, білім тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер, шыдамдылыққа байланысты мақал-мәтелдер, еңбек тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер таңдалды.

Талдау мен нәтижелер

Мақал-мәтелдер терең мәнді, адамға ой салатын, Н.У. Саломованың пікірінше «қиын жағдайда бағыт-бағдар беретін, қателіктің алдын алып, шабыт беретін» [15, 23-б.] және өмірдің мәнін екі ақ ауыз сөзбен түсіндіретін ұлттық-рухани құндылықтың қайнар көзі. Өйткені мақал-мәтелдерде өткеннің ізі, салт-дәстүр мен халық мәдениетінің ұлттық сарыны сақталған және күні бүгінге дейін өзектілігі мен қолдану аясын жоғалтпаған, өткен мен қазіргіні жалғаушы қасиет бар. Мақал-мәтелдерді зерттеудің өзі ғылыми мақсат-міндеттерден бөлек, бабалар даналығына, халықтың тарихы мен салт-дәстүріне құрмет деп түсінеміз. Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер «ғасырлар бойы этнос тәжірибесінен туындап, этнос туралы құнды деректерді бойына сақтайды» [16, 161-б.] Сонымен қатар, И. Мамадова мақал-мәтелдерді қоғамдық құндылықтарды қысқаша жеткізіп қана қоймай, есте сақтауға және қолдануға жеңіл, ұйқасты, тұрақты жай немесе күрделі формадағы сөз тіркестері деп нақтылайды [17, 43-б.]. Мақал мен мәтелдерді жеке-жеке қарастырып көрсек, мақал дегеніміз, жай немесе күрделі сөйлем түріндегі ғибратты, ұйқасты, өзінің түпнұсқалылығын жоғалтпаған, тура және ауыспалы мағынадағы тұрақты сөз тіркесі. Мақалдар өсиет ретінде, толық аяқталған сөйлеммен берілетін, түсінікті, тікелей мәндегі ой түйіні. Мысалы, «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» қазақ мақалынан ашудың адамға пайдасы жоқ, дұшпан екендігін, ақыл дос сияқты деген ой-пікірді бірден түсінуге болады. Мәтелдер кез келген өмір оқиғасын дәл айқындайтын бейнелі өрнек, сөз мәйегі, мәтелдер мақалға қарағанда, жалпы ғибраттық мағынаға ие емес, астарлы мәндегі, сыңар тармақты, метафора, идиома, салыстыру түріндегі, қысқа, нақты нақыл сөз. У. Байрамова мақал мен мәтелдер арасында грамматикалық, морфологиялық, синтаксистік комбинациялар мен сөйлемнің құрылымы жағынан

ерекшеліктері бар екендігін көрсеткен [18, 96-б.] Мысалы, «Аузы күйген, үрлеп ішеді» мәтелінде ой-пікір нақты емес, астарлы түрде беріліп тұр, яғни, бір қателескен адам екінші рет аяғын аңдап басады.

Лингвомәдени ерекшеліктер мәніне тоқталатын болсақ, аталған ұғым «тілге және тіл үйренуге мәдениетті кіріктіру, тіл мен сол тілде сөйлеушілердің мәдени мазмұнын өзара әрекеттестіру [19, 40-б.] болып табылады, яғни тілді оның бірегей мәдени ерекшеліктері арқылы түсіну. Лингвомәдени ерекшеліктер, белгілі бір халықтың ұлттық «қасиеті ретінде оның тілі мен мәдениетінің тоғысуын» зерттеу әдісі болып табылады [20, 748-б.]. В.Телия лингвомәдениетті тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі және тілдегі мәдениет факторы деп қарастырса [12, 188-б.], М. Джиованини лингвомәдениет «тілді мәдени құбылыс ретінде» зерттейді және әлемді ұлттық тіл арқылы қабылдау деп тұжырымдайды [13, 327-б.]. С. Мелиева лингвомәдени ерекшелік дегеніміз, нақты қоғам немесе қоғамдастық тілінің мәдени нормалары мен тәжірибесі, әлеуметтік құрылымын зерттеу дейді [14, 194-б.]. Автор лингвомәдени талдау түрлеріне тілдің мәдени контексін, тіл мен тұлғалық, сөйлеудегі мәдени тәжірибелер, тілдік құрылымға мәдениеттің әсерін жатқызады. Мәдени контекст, тілдің қоғамдық, тарихи құндылықтары мен салт-дәстүрді жеткізу жолдарын зерттеуді қарастырады. Мысалы, мақал-мәтелдер, фразалар, идиомалар тілдің бірегей, ерекше мәдени мәнін жеткізеді. Тіл мен тұлғалық тілдің мәдени қолданылу аясын қамтиды, диалект, акцент, сленг, т.б. Сөйлеудегі мәдени тәжірибелер тілдің мәдени контексте қолданылуы, амандасу, қоштасу, т.б. Тілдік құрылымға мәдениеттің әсері тілдің грамматикалық құрылымының қалыптасуы мен мәдени концепцияларды көрсету жолдарын зерттейді [14]. Ғалымдардың ұсынған ұғымдарын қорыта келе, лингвомәдени ерекшелік дегеніміз белгілі бір ұлттың мәдениетінің сол елдің тілінде көрініс табу жолдары деп түсінеміз (1-кесте).

1-кесте – Лингвомәдени ерекшеліктер түсінігі

| Ұғым | Түсіндірме | Тақырып |
|------------------------|---|--|
| Мәдени концепт | Тілге тән ортақ тақырып | каз.туыстық ағ. Conservatives қыт. 阴阳 |
| Мәдени айшықты лексика | Тілге тән мәдени лексика бірлігі | каз. тұсау кесу ағ. Royal family қыт. 中国堡垒 |
| Мәдени контекст | Ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр, менталитет | каз. ұжымдасу, табиғат, отбасы ағ. жеке тұлға, өзін басқару қыт. 气 |

Ұсынылып отырған мақалада жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, қазақ, ағылшын және қытай тілдерінің лингвомәдени ерекшеліктерін аталған үш тілдегі мақал-мәтелдерге талдау жасау арқылы айқындаймыз. Қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдер аталған халықтардың дүниетанымдық лингвомәдени ерекшеліктерін нақты бейнелейді. Зерттеулерге сүйенсек, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі ұжымдық өмір салтын дәріптеуге, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге және адамгершілік құндылықтарды насихаттауға бағытталады [21, 30-б.]. Мысалы, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Бірлік болмай, тірлік болмас» немесе «Көп түкірсе – көл» сияқты мақал-мәтелдер қазақ халқының бірлік пен ынтымаққа жоғары мән бергенін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде табиғатқа деген көзқарас ерекше орын алады. Табиғат қазақ дүниетанымында тіршіліктің бастау көзі, адам өмірімен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастырылады. Мысалы, «Тауға шыққан адамға жел де тосқауыл болмайды» деген мақал адам мен табиғаттың күрделі байланысын бейнелейді. Мұнда табиғаттың қиындықтарына қарсы тұра алатын адамның табандылығы мен қайсарлығы дәріптеледі. Қазақ дүниетанымы бойынша табиғат пен адам арасында үздіксіз байланыс орнаған. Табиғи заңдылықтар адам өмірінің қалыптасу заңдылықтарымен үндесіп,

олардың арасына шекара қойылмайды. Осы үндестікті бейнелейтін тағы бір мақал – «Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі». Бұл мақалда жер тек мекен ғана емес, халықтың рухани және материалдық байлығының қайнар көзі ретінде суреттеледі. Қазақ мақал-мәтелдерінде табиғат адамзаттың күнделікті өмірі мен тіршілігіне ықпал ететін қасиетті күш ретінде көрініс табады. Халық даналығында табиғи құбылыстар мен адам болмысы арасында өзара тәуелділік пен үйлесімділік бар екендігі айқын байқалады. Табиғаттың әрбір көрінісі адамның өмірлік тәжірибесімен сабақтасып, тіршілік философиясын қалыптастыруға себеп болары сөзсіз. Қазақ мақал-мәтелдері ұлттық дүниетаным, ұл-қыз тәрбиесі, ұлттық киім, ел қорғау, отбасын қадірлеу сияқты ұлт бейнесі мен болмысын нақтылайтын тақырыптарға бай [22, 172–173-бб.]. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер көбінесе жеке тұлғаның құқықтары мен еркіндігіне, сондай-ақ қоғамдағы моральдық және этикалық нормаларды сақтауға баса назар аударады. Бұл тілдегі мақал-мәтелдер қоғамда жеке жауапкершілік, еңбекқорлық және өзін-өзі басқару сияқты құндылықтарды дәріптейді. Мысалы, «Every man is the architect of his own fortune» («Әр адам өзінің бақытының сәулетшісі») деген мақал ағылшын мәдениетіндегі жеке тұлғаның еркіндігі мен жауапкершілігінің жоғары бағаланатынын көрсетеді. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерде көбінесе жеке адамның өзіне деген сенімі мен өмірдегі табысты өз күш-жігерімен жетуі туралы ойлар айтылған. Мақал-мәтелдерде прагматизм мен жеке адамның еркіндігін көрсететін көптеген метафоралар мен құрылымдар кездеседі. Сонымен қатар, ағылшын мақал-мәтелдерінде әлеуметтік және экономикалық жетістікке жету жолындағы еңбекқорлық та жиі насихатталады, мысалы, «A stitch in time saves nine» («Уақтылы жасалған іс көп жұмыс істетеді») [23, 88-б.]. Ал, қытай тіліндегі мақал-мәтелдер қоғамдағы үйлесімділік, тәртіп, жанұялық қарым-қатынастар мен Конфуций философиясының ықпалын көрсетеді. Қытай мәдениетінде үйлесімділік, әдептілік, тәртіп және қоғамдағы әділдік ерекше маңызды. Мақал-мәтелдер қытай қоғамының этикалық және моральдық нормаларын түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Jūn zǐ zhī dào, tiān xià zhī dào/君子之道, 天下之道» («Дана адамның жолы – әлемнің жолы») деген мақал адамгершілік пен моральдық құндылықтардың маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Қытай мақал-мәтелдерінде жанұя мен қоғам арасындағы байланысқа ерекше көңіл бөлінеді. Олар жеке адамның қоғамдағы рөлін, әсіресе отбасындағы орны мен жауапкершілігін дәріптейді. Мысалы, «gēn shēn zé wú wèi fēng/根深则无畏风» (Тамыры терең болса желден қорықпайсың) деген мақал жеке адамның күшті, тұрақты болуы керек екенін және қоғамда бірлік пен келісімді сақтаудың маңызды екенін білдірсе керек [24, 234-б.].

Қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға келетін болсақ, біріншіден, барлық үш мәдениетте қоғамдағы бірлік, жауапкершілік және адамгершілік құндылықтары жоғары бағаланады. Мәселен, қазақ «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», ағылшын «Many hands make light work», қытай «gēn shēn zé wú wèi fēng» деген мақал-мәтелдерінде бірлескен еңбек пен ынтымақтастықтың маңызы айтылады. Сонымен қатар, үш тілдегі мақал-мәтелдерде лингвомәдени айырмашылықтар да айқын көрінеді. Қазақ мақал-мәтелдері көбінесе табиғатқа, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге байланысты метафораларды қолданады. Ағылшын мақал-мәтелдері жеке тұлғаның еркіндігі мен жауапкершілігін дәріптейді, ал қытай мақал-мәтелдері, әдетте, қоғамдағы тәртіп, үйлесімділік және жанұялық құндылықтарға ерекше көңіл бөледі. Немесе уақытқа қатысты үш тілдің мақал-мәтелдерінен үш түрлі лингво-мәдени ерекшелікті байқауға болады. Мысалы, қазақта «Уақыт - алтын» мақалында уақыттың баға жетпес құндылығын қымбат ресурс ретінде қарастырса, ағылшындар «Time is money» мақалында уақытты экономикалық ресурс ретінде, қытайлықтар уақытты «一寸光阴一寸金» (Yī cùn guāngyīn yī cùn jīn)» үздіксіз, әр сәті қымбат және бағалы зат деп қарастырырады.

Үш мәдениеттің мақал-мәтелдеріндегі бірнеше тақырыптардың (отбасы құндылығы, білім тақырыбы, шыдамдылық, еңбек) ұқсастықтары мен ерекшеліктерін жоғарыда 1-кестедегі В. Телия, М. Джiovанини, С. Мелиева талдаулары негізінде құрастырылған

лингвомәдени ерекшеліктер түсінігіне сәйкес талдауды ұсынамыз. Алдымен отбасы құндылығына байланысты қазақ, ағылшын және қытай мәдениетіндегі мақал-мәтелдердің салыстырмалы талдауын ұсынамыз. Әр елде, әр қоғамда отбасының маңызы зор екендігін білсек те, сол елдің мақал-мәтелдерінен олардың өзіне ғана тән мәдени концепт пен контекст және мәдени айшықты лексикасы бар екендігін байқаймыз. Талдау нәтижесінде, қазақ, қытай мақал-мәтелдерінде тақырыпқа байланысты ұқсастық көбірек, ал ағылшын мақал-мәтелдерінде жанұя, отбасы құндылығы басқашалау екендігіне көз жеткіздік. Мысалы, қазақ мақал-мәтелдерінде отанның іргетасы ретіндегі жанұя мәдениеті отан, бала тәрбиесі, әйел мен ер, келін мен ұл, қыз, ата-ана мен балалар қарым-қатынасы, үлкендерді сыйлау, ошақтың отын өшірмеу туралы тақырыптардан көрініс табады. Оған дәлел, «Отан отбасынан басталады», «Отан – қуат, отбасы – шуақ», «Балалы үйдің ұрлығы жатпас», «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» бола алады. Бұл отбасының қоғамдағы маңызын көрсетеді. Отбасы тақырыбына қатысты қазақ мақал-мәтелдеріне тән мәдени айшықты лексика ретінде отан, ұл мен келін, үлкендерді сыйлау, балалы үй, ошақ оты, жеті атаны атауға болады. Ағылшын мақал-мәтелдерінде «Charity begins at home», «Every family has a goodness of mercy», «A good wife makes a good husband», «Like father, like son», «If the wife is happy, the family will be happy» қайырымдылықтың алдымен өз үйіңнен басталатындығына, жеке тұлға жауапкершілігі, отбасы құндылықтарына мән беру, ер мен әйелдің тең қарым-қатынасына, әйел бақыты, жанұя бақыты, сыйластыққа көбірек мән беріледі. Ағылшынның отбасы туралы мақал-мәтелдеріне қайырымдылық, жеке тұлға, сыйластық, тәуелсіздік ұғымы тән. Қытай мақал-мәтелдерінде отбасылық құндылықтар, ата-баба мен ұрпақ сабақтастығы, әйел мен еркектің рөліне мән беріледі. Мысалы, «家和万事兴» - Отбасы тату болса, барлық іс оналады немесе «大树虽高千尺·叶落归根。» мақалы адам қанша алысқа кетсе де, айналып жанұясына келеді, яғни қазақтың «Ат айналып қазығын табардың» кері. «即使一棵樹高達千尺，它的葉子最終也會落回根部。», «Ағаштың биіктігі мың фут болса да, оның жапырақтары ақырында тамырына қайта түседі», яғни конфуцийлік ілімге негізделген, отбасылық үйлесімділікке ерекше мән беру көзделген. Осы тақырып төңірегіндегі ұқсастықтарға келетін болсақ, қазақтың «Анасына қарап қызын ал», ағылшынның «Like father, like son», қытайдың «虎父虎子» мақалдарының лексикалық, мәдени айшықтары ұқсас. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, мәдени концепт (отан, ата-баба, ұрпақ, жеті ата) пен мәдени контекст (ұрпақ сабақтастығы, үлкенге құрмет, т.б) жағынан қазақ пен қытай мақал-мәтелдерінің арасында біраз ұқсастықтарды байқауға болады. Отбасы тақырыбын қорытындыласақ, үш мәдениетте де, 1) отбасы отанның іргетасы екендігі; 2) ұрпақ сабақтастығы; 3) отбасындағы татулық, адамгершілік; 4) отбасындағы әйел мен еркек қатынасының маңыздылығы 5) бала тәрбиесінің маңызы әр түрлі контексте берілсе де, мазмұны ұқсас. Отбасы туралы үш ұлттың мақал-мәтелдерінен келесі ерекшеліктерді қорытуға болады: 1) Қазақ, қытай мақал-мәтелдеріне отбасындағы ұйымшылдық, топтасу, ұжымдасу басым болса (Тату үйдің-бақыты тасыр; 全家人團聚了— 靈魂也安息了。), ағылшын мақал-мәтелінде жеке отбасы құндылығы басым (Every family has a black sheep). 2) Қазақ, қытай мақал-мәтелдерінде ұрпақ сабақтастығы маңызды, өйткені қазақ жеті ата дәстүрін ұстанса, қытай дәстүрі Конфуций іліміне негізделеді. Ағылшын мақал-мәтелдерінде ұрпақ сабақтастығынан гөрі, «Where there is family, there is love», жанұяның қазіргі эмоциялық жағдайы маңыздырақ. 3) Қазақ мақал-мәтелдерінде отбасындағы әке, ер адам рөлі, қонақжайлылық «Қонақ келсе, қой егіз табады» басымдылыққа ие болса, қытай мақал-мәтелдерінде де әке мен ер адам басым болғанымен, тұрақтылық көбірек сипатталады «如果家庭和睦，一切事務都會順利。», ағылшын мақал-мәтелінде отбасының жеке өміріне мән беріледі «A man's home is his castle».

Келесі мәдени концепт ретінде «білім» тақырыбы алынып, үш тілдегі мақал-мәтелдердің мәдени ерекшеліктерінің талдауын ұсынамыз. Мысалы, «Білекті бірді жығар,

білімді мыңды жығар», «Білегіңе сенбе, біліміңе сен» мақалының мәні білімнің күштілігін, оның физикалық күштен басым екенін көрсетеді. «Білімдінің күні жарық»-ұжымдық дүниетаным мен білімділікке жоғары баға беру. Қазақ мәдениетінде білімділіктің артықшылығын, білек және күшпен салыстырудың мәні тереңде. Қазақ халқы өзінің жерін, елін жауымен шайқасып жүріп, қорғап қалғандығының әсері де болуы мүмкін. Ағылшын мақалының мәні де, тереңде, білімді адам билік пен ықпалға ие, яғни білім кез-келген жағдайдан алып шығады, қуат көзін білімнен алу қажеттілігі айтылған. «Knowledge is power», (Білім – қуат), яғни білімді қуат көзімен теңестіру де тегін емес, яғни білім шынайы іс-әрекетпен келеді. Қысқа, нақтылыққа негізделген ойлау жүйесі. Білімді адам, жамандық пен жақсылықты, бәрін жеңеді. Қытай мақалының білім туралы мәдени концептінен Конфуций ілімі мен философиясының ықпалын байқауға болады. «活到老, 学到老 (Huó dào lǎo, xué dào lǎo)» – Ғұмыр бойы оқып, ғұмыр бойы үйрен. Адам өмір бойы білім алуы керек. Үздіксіз даму, өмірлік білім концепциясы. Өмір бойы шексіз даму үстінде болу, өмірді білім арқылы қабылдау. Үш тілдің мақал-мәтелдерінің мәдени концептісі ұқсас болғанымен, мәдени контексті әр түрлі лексикалық айшықтардан құралған. Ағылшынның «The more you know, the more you realize you don't know» мәтелі қазақтың «Оқу-инемен құдық қазғандайына» сәйкес келеді, дегенмен, контекст ерекшелігі мен мәдени айшықты лексикаға назар аударатын болсақ, ағылшын тілінде «know», «realize» абстракті етістіктер арқылы берілсе, қазақ тілінде «ине», «құдық», «қазу» сияқты заттар мен қимыл етістігі арқылы ұсынылады. Яғни, ұсынылған мысалдар негізінде мақал-мәтелдердің мәдени айшықты лексикасын салыстырсақ, қазақ тілі: білек, жығу, әлеуметтік өмір шындығына негізделген; ағылшын тілі: қуат, ықпал, билік, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу; қытай тілі: өмір, үздіксіз (шексіздік), тұрақты еңбектену болады.

Шыдамдылық контексіндегі мақал-мәтелдердің мәдени концептісі бірдей маңызды болғанымен, әр тілде ол әртүрлі көркемдік тәсілдермен және лингво-мәдени көзқараспен жеткізіледі. Әр елдің мақал-мәтелінің мәдени айшықты лексикасы әр түрлі. Мысалы, қазақ тілінде «Асыққан – шайтанның ісі» деп діни-астармен, асықсаң шайтан сияқты боласың, асықпау керек деген мән жатыр. Асығыстықтың теріс салдарға әкелетінін ескертеді, сабырлылық маңызды. Діни және моральдық ұстанымдарға негізделген, сабырлыққа шақырады. Ағылшын тілінде, шыдамдылық адамгершілік құндылық, ізгілік қасиеті ретінде дәріптеледі. Мысалы, «Patience is a virtue» дегеніміз, төзім-ізгі қасиет, шыдамдылық – адамгершіліктің жоғары қасиеті. Моральдық құндылықтарды дәріптеу, адамгершілікке мән беру. Ал қытай тіліндегі «欲速则不达 (Yù sù zé bù dá)» мақалдан философиялық әсерді көреміз, тепе-теңдікті сақтау керектігімен сипатталады. Асыққан жетпес. Шамадан тыс асығыстық мақсатқа жетуге кедергі болады. Даосизм мен Конфуций ілімдеріне негізделген, тепе-теңдік пен ұстамдылыққа мән береді.

Еңбек пен нәтижеге байланысты мақал-мәтелдерді лингвомәдени тұрғысынан талдасақ, еңбек тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерден қазақ мәдениетіне тән айшықты лексика ретінде қарын, тіленбеу, жалқаулық сөздері, еңбек ету арқылы күн көру, мал табу, ас ішу, яғни еңбек жетістікке жеткізеді. Жалқаулық, жұмыс пен еңбекке қатысты біраз мақал-мәтелдерде еңбек етумен бірге «тамақ ішу», «мал табу» қатар жүреді. Мысалы, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еңбек етсең, емерсің», «Еңбек етсе, ер тоқ», «Ерінбей еңбек етсең – ерінің асқа тиеді», «Қайратың барда мал тап», т.б. мақал-мәтелдерінде еңбек концептісінде мал мен тағамның енуі қазақ тарихында көшпенділік өмір сүру салты мен ашаршылықтың орын алу себептерінен туындаған мақал-мәтелдер болуы мүмкін. Ағылшын мақал-мәтелдеріне келетін болсақ, еңбек пен ақша қатар жүреді және жетістікке қиыншылықпен, қажырлылықпен біртіндеп, мақсатқа жету мәні басым, «No pain, no gain», «No work, no money», «Little strokes fell great oaks», «He works best who knows his trade», «A bad workman blames his tools». Ағылшын мәдениетінде еңбек арқылы, жеке адамның жетістікке жетуі, жеке адамның қасиеттеріне мән беру басым, өйткені ағылшын қоғамының

түсінігінде, әрбір жеке адамның жетістігі тұтас қоғамның жетістігін құрайды. Бейнетсіз зейнет жоқ. Жетістікке жету үшін қажырлы еңбек қажет. Практикалық және нәтижеге бағытталған ойлау жүйесі. Қытайдың еңбек туралы мақал-мәтелдерінде конфуцийлік ілім басым, яғни «басқаның еңбегін сыйлау және нәтижеге жету үшін шексіз еңбектену» [25, 237-б.] қажет. Мысалы, «水滴石穿 (shuǐ dī shí chuān)», «一口吃不成胖子。(yī kǒu chī bù chéng pàng zi)». Су аға берсе, тасты тесіп шығады мәтелінің философиялық мәні, тоқтамай еңбектене берсең, жетістікке жетесіңді білдіреді. «一分耕耘，一分收获» (Yī fēn gēngyún, yī fēn shōuhuò) (бір еңбек, бір нәтиже)». Қанша еңбектенсең, сонша жеміс аласың. Табиғи заңдылық пен әділеттілікке негізделген көзқарас. Қазақ, ағылшын, қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің ұқсастықтары да бар. Мысалы, ағылшын мақалдары «Haste makes waste», «Actions speak louder than words» қазақтың «Асыққан – сайтанның ісі» немесе «Сөзден іске» немесе қытайдың «急躁则失, 仓促则败 (jízào zé shī, cāngcù zé bài)», «欲速则不达 (Yù sù zé bù dá)» мақалдарының мәндері ұқсас. Барлығында асықпау керектігі және көп сөзден гөрі іспен тындыру керектігі насихатталады. Қазақ, ағылшын, қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін талдау нәтижесінде әр халықтың мақал-мәтелдерінде өзіне тән ұлттық дүниетаным, тарих, салт-дәстүр, мәдени ерекшелік бар екендігіне көз жеткіздік. Атап өтетін жайт, мақалада қарастырылған отбасы құндылығына байланысты, білім тақырыбына қатысты, шыдамдылыққа байланысты, еңбек тақырыбына байланысты тақырыптардың барлығына үш тілде де мақал-мәтелдер жетерлік, яғни, кез-келген мәдени контекстке қатысты мақал-мәтелдерді табуға болады. Дегенмен, әр ұлттың мақал-мәтелдерінің мәдени контексті, мәдени айшықты лексикасы әр түрлі. Мақал-мәтелдер арқылы әрбір халықтың мәдени құндылықтары мен дүниетанымы қалай бейнелейтіндігі анықталды және сол арқылы үш тілдің лингвомәдени ерекшеліктері мен айырмашылықтары айқындалды. Мысалы, аталған тақырыптар бойынша, қазақ мақал-мәтелдерінен көшпенділік салт-дәстүр, білек күші, бірлесе, ұжымдаса өмір сүру, діни-моральдық ұстанымдар мен еңбексүйгіштік, адалдық пен ашықтық қабілеттерін байқауға болады. Ағылшын мақал-мәтелдерінен ұстамдылық, мұқияттылық, қажырлылық, жеке тұлға жауапкершілігі, отбасындағы ер мен әйелдің тең қарым-қатынасы, практикалық ойлау жүйесі, әр нәрсе жеке бас жауапкершілігінен басталатындығын байқадық. Қытай мақал-мәтелдерінен Конфуций ілімінің ықпалы, үйлесімділік, үздіксіз даму, өмірлік білім, тепе-теңдік, табиғи заңдылықтарға сүйену ерекшеліктерін көруге болады. Сонымен қатар, талдау нәтижесінде қазақ, ағылшын, қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдерінде лингвомәдени ұқсастықтар да байқалды. Мысалы, қазақ және қытай мақал-мәтелдерінде отбасы тақырыбында, үлкенді сыйлау, ата-баба, ұрпақ сабақтастығы сияқты құрмет-қасиеттердің ұқсастығы бар. Білім мен еңбекке қатысты мақал-мәтелдердің лингвомәдени ұсынылымында ерекшеліктер болғанымен, мақсат біреу екендігін көреміз. Қытайдың «水滴石穿 (shuǐ dī shí chuān)» - мәтелінің мәні қазақтың «Су тама берсе, тас теседі» немесе «Жүре, жүре арық қазсаң, күле, күле су ішерсің» мақал-мәтелдеріне ұқсас. Ағылшынның «No rain, no gain» мақалы қазақтың «Еңбек түбі - зейнет», «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар» мақалдарының мазмұны сәйкес келеді. Ағылшын мақалы қысқа, нұсқалығымен ерекшеленгенімен, мәдени құндылық контекстінен ұқсастықты көреміз, екі тілде де, ауыр жұмыс пен қиыншылық мәні байқалады, сонымен қатар, еңбек ету оңай емес, өзінің қиыншылықтары болады, шыдамдылық қажет екендігі айтылады. Ғасырлар бойғы мақал-мәтелдердің тілден-тілге көшіп, аударылып, сіңіп кеткендері бар болуы мүмкін. Дегенмен, әр ұлттың мақал-мәтелдері өзінің ұлттық сана-сезімді қалыптастыратын және мәдени мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа берілетін «мәдени бірегейлікті таратудың және халықты біріктірудің маңызды құралы» екендігі [26, 178-б.] сөзсіз.

Қорытынды

Мақал-мәтелдер – тіл мен мәдениеттің ажырамас бөлігі. Мақал-мәтелдер ұлттық дүниетанымның айнасы ретінде әр халықтың өмір сүру салтын, мәдениетіндегі құндылықтар мен нормаларды және тарихи тәжірибесін бейнелейді. Мәселен, қазақ мақал-мәтелдері көбінесе табиғатпен үйлесімділікке, ұжымдық құндылықтарға және адам мен табиғат арасындағы өзара байланысқа баса назар аударады. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер жеке тұлғаның дербестігін, прагматикалық көзқарасты, еңбексүйгіштік пен дербестік идеясына мән берсе, қытай мақал-мәтелдерінде қоғамдағы тәртіп, жанұя мен қоғам арасындағы қатынастар басты құндылық ретінде көрініс табады. Ұсынылған мақалада туыстығы алшақ қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени аспектілерін талдап, салғастырмалы, лингвомәдени талдау әдістері арқылы олардың әрқайсысының мәдени-танымдық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындауға қадам жасалды. Зерттеу нәтижелері үш халықтың ортақ және ерекше тұстарын анықтауға, мәдени байланыстарын тереңірек түсінуге жол ашты, үш тілде де ортақ тақырыптар болғанымен, олардың тілдік бейнеленуі әртүрлі екендігі анықталды және тілдік бірліктер арқылы әр халықтың өзіне тән мәдени-тарихи ерекшеліктерін тануға мүмкіндік берді. Мақалада В. Телия, М. Джованнини, С. Мелиева талдаулары негізінде құрастырылған лингвомәдени ерекшеліктер кестесіне сәйкес, мәдени концепт ретінде қазақ, ағылшын және қытай тілдеріне ортақ тақырыптар таңдалып (отбасы құндылығына байланысты мақал-мәтелдер, білім тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер, шыдамдылыққа байланысты мақал-мәтелдер, еңбек тақырыбына байланысты), талданды. Ұсынылған тақырыптар бойынша, әр тілдің айшықты лексикасы жазылып, мәдени контекстіне салыстырмалы талдау жасалды. Сонымен қатар, әр тілдің мақал-мәтелдерінің ерекшеліктері мен ұқсастықтары да қарастырылды. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ, ағылшын және қытай халықтарының мақал-мәтелдері арқылы ұлттық мәдениет пен дүниетанымдық ерекшеліктерін түсінудің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Мақалада қарастырылған мәселе, мақал-мәтелдер тек тілдік құбылыс қана емес, мәдениетаралық қарым-қатынастың да маңызды құралы ретінде әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікті арттыруға үлес қосады. Олардың мағынасын дұрыс түсіну және мәдени контексті ескеру ұлттар арасындағы өзара түсіністікті арттырып, мәдениетаралық диалогты дамытуға септігін тигізеді. Әрбір мәдениет өзінің негізгі құндылықтарын мақал-мәтелдер арқылы танытады, сондықтан оларды зерттеу тіл мен мәдениеттің өзара ықпалын ашуға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу аталған тілдердегі мақал-мәтелдердің мәдени-танымдық және когнитивтік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге ықпал етіп, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация және аударматану салаларындағы ғылыми ізденістерге үлес қосады. Қорытындылай келе, қазақ, ағылшын және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеу халықтар арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ мәдени құндылықтар арқылы қоғамның этикалық қағидаларын қалыптастыруға, моральдық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге және халықтың рухани мұрасын сақтауға ықпал етеді. Болашақта жасалатын зерттеу жұмыстарында белгілі тақырыптар төңірегінде әр тілдің мақал-мәтелдерін жіктеп, тереңірек талдау ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрұшов С.Н. Қазақтың халық мақалдарының даму тарихынан. – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 112 б.
2. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Елтаным, 2020. – 113 б.
3. Lan A. et al. Ethno-cultural aspects of marriage proverbs in Chinese and English // Global Chinese. – 2025. – Vol. 11. – №1. – P. 89–107. <http://doi.org/10.1515/glochi-2024-0021>

4. 呼志强. 《中国人应该知道的民谚俗语》. – 广西人民出版社. 2014 年. – 248 页. [Electronic resource]. URL: <https://surl.li/osyapk> (date of access 05.04.2025)
5. Sarbassova A., Duisenova K., Zhampeiis K., Aldabergenova A., Sapargaliyeva D., Kanagatova Z.A. Linguacultural Analysis of Wedding Traditions and Marriage in Kazakh, English, and Chinese Paremiology // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2025. – Vol. 11. – №1. – P. 139–151. <https://doi.org/10.32601/ejal.11112>
6. Ибраимова А.Р., Досымбекова Р.О. Этнолингвистический характер «этикета/礼貌» в казахских и китайских пословицах // Тілтаным. – 2023. – №2. – С. 97–106. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-2-97-106>
7. Dautbayeva K.B., Duisekova K.K. National-Cultural Character of Evaluative Meaning Language Structures in Kazakh and English // Toraygirov University Messenger. – 2023. – №3. – С. 50–62. <https://doi.org/10.48081/nbqn4038>
8. Әуелбекова Ш. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің концептілік сипаты // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2017. – №4 (166). – Б. 138–142.
9. Бабалар сөзі: Қазақ мақал-мәтелдері. – Т. 69. – Астана: Фолиант, 2011. – 440 б.
10. Mieder W. Proverbs: A Handbook. – Westport, CT: Greenwood Press, 2004. – 321 p.
11. 温端政. 《中国谚语大辞典》2011年上海辞书出版社出版 - 1130 页 [Electronic resource]. URL: <https://surl.cc/anntoc> (date of access 05.04.2025)
12. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический, лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа, 1996. – 288 с.
13. Giovannini M.J. A structural analysis of proverbs in a Sicilian village // American Ethnologist. – 1978. – Vol. 5. – №2. – P. 322–333.
14. Meliyeva S. Linguacultural insights: How Aphorisms Reflect National Identity and Cultural Values // Modern Science and Research. – 2025. – Vol. 4. – №5. – P. 194–198.
15. Саломова Н.У. Пословицы и поговорки как языковой феномен // Международная конференция образования, исследований и инноваций. – М., 2025. – С. 20–25.
16. Лингвистический энциклопедический словарь [Электронный ресурс]. URL: <https://rus-lingvist-dict.slovaronline.com/> (дата обращения 05.04.2025)
17. Mammadova I. The Role of Proverbs in Language Learning: A Cognitive and Cultural Perspective // EuroGlobal Journal of Linguistics and Language Education. – 2024. – Vol. 1. – № 1. – P. 40-45.
18. Bayramova U. General principles of translation of proverbs // Western Caspian University Scientific Bulletin. – 2023. – №2. – P. 95–99. <https://doi.org/10.54414/lqux4640>
19. Kostomarov V.G., Verescagin E.M. Linguocultural Studies and the Linguocultural Dictionary // Slavic and East European Journal. – 1975. – Vol. 19. – №1. – P. 40–48. <https://doi.org/10.2307/306209>
20. Kovshova M.L. The Role of Linguocultural Studies in Modern Times: Basic Principles and Method of Research // RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. – 2023. – Vol. 14. – №3. – P. 745–756. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2023-14-3-745-756>
21. Pikeshevna I.G., Sagintayevna Z.T. Linguistic Representation of Value Orientations in different Linguocultures // German International Journal of Modern Science. – 2025. – Vol. 96. – P. 29–31. <https://doi.org/10.5281/zenodo.14699251>
22. Құрманғали Ф.Т., Бәйімбетова А.Ә., Сәрсембаева М.Қ. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ұлттық код // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №1(131). – Б. 163–175. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.14>
23. Lomotey B.A., Csajbok-Twerefou I. A pragmatic and sociolinguistic analysis of proverbs across languages and cultures // Journal of Pragmatics. – 2021. – Vol. 182. – P. 86–91. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.06.014>
24. Weng L. et al. Cultural values in Chinese proverbs reported by Chinese college students // Asian Journal of Social Psychology. – 2021. – Vol. 24. – №2. – P. 232–243. <https://doi.org/10.1111/ajsp.12415>
25. Ғабдылқәрімұлы Б. Қытай мақалдарының қазақша түсіндірмесі. – Шыңжаң: Шыңжаң өрендер баспасы, 2023. – 593 б.
26. Абдукалимова А.Н., Қалыбаева Қ.С. Қазақ және ағылшын тіліндегі нан атауларына байланысты фразеологизмдер // Ясави университетінің хабаршысы. – 2025. – Т. 1. – №135. – Б. 174–184.

REFERENCES

1. Nurushov S.N. Qazaqtyn halyq maqaldaryny damu tarihyndan [From the history of the development of Kazakh folk Proverbs]. – Almaty: Qazaqtyn Memlekettik kerkem adebiet baspasy, 1959. – 112 b. [in Kazakh]
2. Smagulova G. Qazaq frazeologiasy lingvistikalyq paradigmalarda: monografiya [Kazakh phraseology in linguistic paradigms: monograph]. – Almaty: Eltanym, 2020. – 113 b. [in Kazakh]
3. Lan A. et al. Ethno-cultural aspects of marriage proverbs in Chinese and English // *Global Chinese*. – 2025. – Vol. 11. – №1. – P. 89–107. <http://doi.org/10.1515/glochi-2024-0021>
4. hū zhì qiáng. “zhōng guó rén yīng gāi zhī dào de mín yàn sù yǔ” [Proverbs that Chinese people should know]. – guǎng xī rén mín chū bǎn shè, 2014 nián. – 248 yè. [Electronic resource]. URL: <https://surl.li/osyapk> (date of access 05.04.2025) [in Chinese]
5. Sarbassova A., Duisenova K., Zhampeiis K., Aldabergenova A., Sapargaliyeva D., Kanagatova Z.A. Linguacultural Analysis of Wedding Traditions and Marriage in Kazakh, English, and Chinese Paremiology // *Eurasian Journal of Applied Linguistics*. – 2025. – Vol. 11. – №1. – P. 139–151. <https://doi.org/10.32601/ejal.11112>
6. Ibraimova A.R., Dosymbekova R.O. Etnolingvisticheski karakter «etiketa/礼貌» v kazahskih i kitaiskih poslovicah [The ethnolinguistic character of «etiquette» in Kazakh and Chinese proverbs] // *Tiltanym*. – 2023. – №2. – S. 97–106. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-2-97-106> [in Russian]
7. Dautbayeva K.B., Duisekova K.K. National-Cultural Character of Evaluative Meaning Language Structures in Kazakh and English // *Toraygirov University Messenger*. – 2023. – №3. – C. 50–62. <https://doi.org/10.48081/nbqn4038> [in Russian]
8. Auelbekova Sh. Qazaq zhane agylshyn tilderindegi maqal-matelderdi konseptilik sipaty [Conceptual nature of Proverbs and sayings in Kazakh and English] // *QazUU Habarshysy*. – 2017. – №4 (166). – B. 138–142. [in Kazakh]
9. Babalar sozi: Qazaq maqal-matelderi [The word of ancestors: Kazakh proverbs and sayings]. – T. 69. – Astana: Foliant, 2011. – 440 b. [in Kazakh]
10. Mieder W. *Proverbs: A Handbook*. – Westport, CT: Greenwood Press, 2004. – 321 p.
11. wēn duān zhèng. “zhōng guó yàn yǔ dà cí diǎn” [Dictionary of Chinese Proverbs]. 2011 nián shàng hǎi cí shū chū bǎn shè chū bǎn - 1130 yè. [Electronic resource]. URL: <https://surl.li/cc/anntoc> (date of access 05.04.2025) [in Chinese]
12. Telia V.N. Russkaia frazeologia. Semanticheski, pragmaticheski, lingvokulturologicheski aspekty [Russian phraseology. Semantic, pragmatic, linguistic and cultural aspects]. – M.: Shkola, 1996. – 288 s. [in Russian]
13. Giovannini M.J. A structural analysis of proverbs in a Sicilian village // *American Ethnologist*. – 1978. – Vol. 5. – №2. – P. 322–333.
14. Meliyeva S. Linguacultural insights: How Aphorisms Reflect National Identity and Cultural Values // *Modern Science and Research*. – 2025. – Vol. 4. – №5. – P. 194–198.
15. Salomova N.U. Posloviy i pogovorki kak iazykovoi fenomen [Proverbs and sayings as a linguistic phenomenon] // *Mezhdunarodnaia konferencia obrazovania, issledovani i innovaci*. – M., 2025. – C. 20–25. [in Russian]
16. Lingvisticheski enciklopedicheski slovar [Electronic resource]. URL: <https://rus-lingvist-dict.slovaronline.com/> (date of access 05.04.2025) [in Russian]
17. Mammadova I. The Role of Proverbs in Language Learning: A Cognitive and Cultural Perspective // *EuroGlobal Journal of Linguistics and Language Education*. – 2024. – Vol. 1. – № 1. – P. 40-45.
18. Bayramova U. General principles of translation of proverbs // *Western Caspian University Scientific Bulletin*. – 2023. – №2. – R. 95–99. <https://doi.org/10.54414/lqux4640>
19. Kostomarov V.G., Verescagin E.M. Linguocultural Studies and the Linguocultural Dictionary // *Slavic and East European Journal*. – 1975. – Vol. 19. – №1. – P. 40–48. <https://doi.org/10.2307/306209>
20. Kovshova M.L. The Role of Linguocultural Studies in Modern Times: Basic Principles and Method of Research // *RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics*. – 2023. – Vol. 14. – №3. – P. 745–756. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2023-14-3-745-756>
21. Ilikeshevna I.G., Sagintayevna Z.T. Linguistic Representation of Value Orientations in different Linguocultures // *German International Journal of Modern Science*. – 2025. – Vol. 96. – P. 29–31. <https://doi.org/10.5281/zenodo.14699251>

22. Qurmangali F.T., Baiimbetova A.A., Sarsembaeva M.Q. Qazaq maqal-matelderindegi ulttyq kod [National code in Kazakh proverbs and sayings] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №1(131). – B. 163–175. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.14> [in Kazakh]
23. Lomotey B.A., Csajbok-Twerefou I. A pragmatic and sociolinguistic analysis of proverbs across languages and cultures // Journal of Pragmatics. – 2021. – Vol. 182. – P. 86–91. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.06.014>
24. Weng L. et al. Cultural values in Chinese proverbs reported by Chinese college students//Asian Journal of Social Psychology. – 2021. – Vol. 24. – №2. – P. 232–243. <https://doi.org/10.1111/ajsp.12415>
25. Gabdykarimuly B. Qytai maqaldarynyn qazaqsha tusindirmesi [Kazakh interpretation of Chinese proverbs]. – Shynzhan: Shynzhan orender baspasy, 2023. – 593 b. [in Kazakh]
26. Abdukalimova A.N., Qalybaeva Q.S. Qazaq zhane agylshyn tilindegi nan ataularyna bailanysty frazeologizmder [Phraseologisms related to the names of bread in Kazakh and English] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – T. 1. – №135. – B. 174–184. [in Kazakh]

Linguocultural Features of Proverbs in Kazakh, English and Chinese Languages

Abstract. This article explores the linguocultural features of proverbs and sayings in three genetically unrelated languages: Kazakh, English, and Chinese. Proverbs and sayings reflect a nation's worldview, spiritual values, historical experience, culture, and social norms. In this respect, they are not merely linguistic units, but complex linguocultural phenomena that represent the identity, mentality, and way of thinking of a particular ethnic group. Specifically, the article analyzes proverbs rooted in nomadic traditions in Kazakh culture, Anglo-Saxon pragmatism in English culture, and Confucian philosophy in Chinese culture using linguocultural and comparative analysis methods. This allows the identification of how each nation's worldview and cultural values are reflected in their proverbs. Additionally, the article focuses on specific themes across the three languages – such as family values, education, patience, and labor – and highlights culturally marked lexical units specific to each theme. The linguocultural features of the proverbs are compared based on a model developed from scholarly analysis. The concepts of “proverb” and “linguoculture” are clarified from a theoretical perspective. The scientific objective of the article is to identify, compare, and analyze the linguocultural characteristics of proverbs in Kazakh, English, and Chinese, and to determine their similarities and differences. The article concludes with suggestions for future research.

Keywords: proverbs and sayings, linguocultural aspects, Kazakh, English, and Chinese languages.

Лингвокультурологические особенности пословиц в казахском, английском и китайском языках

Аннотация. В данной статье рассматриваются лингвокультурные аспекты пословиц и поговорок в казахском, английском и китайском языках. Пословицы и поговорки являются ярким отражением мировоззрения народа, его духовных ценностей, исторического опыта, культуры и социальных норм. С этой точки зрения, пословицы и поговорки – это не просто языковые единицы, но и сложное лингвокультурное явление, отражающее сущность, характер и систему мышления определённого этноса. В статье рассматриваются пословицы и поговорки казахской культуры, основанной на кочевых традициях, английской культуры, опирающейся на англосаксонский прагматизм, и китайской культуры, базирующейся на конфуцианской философии. Таким образом, в статье были выбраны общие темы на казахском, английском, русском языках (пословицы и поговорки связанные с ценностями семьи, с образованием, с терпеливостью, связанные с трудом), выявлены культурно-специфические лексические единицы и проводилось сравнение лингвокультурологических особенностей пословиц и поговорок на основе небольшой модели, созданной на основе анализа работ ученых. Уточнены понятия пословицы и поговорки, лингвокультурология. Целью данной статьи является выявление, сравнение, анализ лингвокультурологических особенностей пословиц и поговорок в казахском, английском и китайском языках, выявление их сходств и различий. В конце статьи даны предложения по будущим исследованиям.

Ключевые слова: пословицы и поговорки, лингвокультурные аспекты, казахский, английский и китайский языки.

Авторлар туралы мәлімет

Танеш Б. – корреспондент-автор, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: bota_tanesh@mail.ru, Қазақстан, Астана қ.

Жуманбекова Н. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: nurkesh2009@mail.ru, Қазақстан, Астана қ.

Information about the authors

Tanesh B. – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: bota_tanesh@mail.ru, Kazakhstan, Astana.

Zhumanbekova N. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: nurkesh2009@mail.ru, Kazakhstan, Astana.

Сведения об авторах

Танеш Б. – автор-корреспондент, PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: bota_tanesh@mail.ru, Казахстан, г. Астана.

Жуманбекова Н. – кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: nurkesh2009@mail.ru, Казахстан, г. Астана.